

XFTAP 17.07.51

Еркегүл Арыққарақызы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)

Аңдатпа. Мақалада шығыстың ақыл-ой маржандарынан сусындап, нәр алған Ақыт қажы Үлімжіұлы (Қарымсақов-Алтайский) - орталық Азияның дархан аумағына көсіліп жатқан қазақ деген ұлттың өткен ғасырлар тарихынан есекерусіз қалған, танымның кең шаңырағынан шет қалған ұлы философ-ойшылы.

Өзі ғұмыр кешкен Қытай Халық Республикасы мен Монғолия қазақтарына ғана емес, күллі қазақ халқына ортақ дүлдүл ақын, соңына ғасырдан-ғасырға жалғасып ғибрат боларлықтай өлмес мұра қалдырған халқымыздың біртуар перзенті, кемеңгер, ұлтшыл қайраткер, бостандық жолындағы жарқын күрестің көш басшысы, имани сенімдегі ізгілік тағылымдарын өлең-жырларына арқау еткен ақын.

Түйін сөздер: кітаби туындылар, жазба ақындар, поэзия, поэтикалық құрылымдар, рухани дүние, Ислам құндылықтары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-22-28>

Кіріспе. Кешегі тоталитарлық жүйеге негізделген кеңес үкіметі тұсында халықтың рухани жәдігерлерінен саналатын діни мазмұндағы көне мұраларды кеңінен насихаттап, таратуға мүмкіндік болмаған еді.

Өкінішке орай, академик М. Әуезов: «Қазақ арасына Ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған; ықылас қоймайтын болған» [1, 49 б.] -деп жазғанындай, түркілердің арасына исламның тарауына ең басты себептердің бірі – бұл имани сенімнің әдебиетке, өлең-жырға жақын екендігі басты назарға алынбады. Содан ескі салтты үгіттеуші, сананы улайтын аңыз-әпсаналарды насихаттаушы деген сылтаумен «жылы жабылған» діни-әдеби мұралар ғылыми тұрғыдан арнайы түрде жеткілікті зерттелмеді. Кейбір діни сипаттағы әдеби жәдігерлер жарыққа шыққанның өзінде де, бірнеше мәрте қайта өңделіп, Алла атына, пайғамбар затына айтылған мадақ жырлар мәтіннен бүтіндей алынып тасталып отырды.

ҮІІ ғасырда дүниеге келіп, көп ұзамай көрші жатқан елдерге таралған ислам діні өзімен бірге ұлы өркениет пен тың мәдениетті алып келді. Осы имани сенімді қабылдаған халықтардың әдебиетінде жаңа бағыт, тың серпіліс пайда болды. Бүгінде әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған мұсылман шығыс сөз өнерінің асыл жауһарлары осы діннің ықпалында дүниеге келгені аян. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтарының әдебиетінде Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Иассаuidiң «Диуани хихмет», Сүлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», Ахмет Йугнекидің «Ақиқат сыйы», Бурхануддин Рабғұзидың «Қисса сул әнбия», Сайф Сараидың «Гулистан бит-түрки», Құтбтың «Құсрау уа Шырын» секілді әдеби жәдігерлері пайда болды.

Мәселенің зерттелу тарихы. XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін өмір сүрген ақындардың жырлайтын басты тақырыптарының бірі – діни мазмұндағы шығармалар еді. Өткен ғасыр ақындары – Шәді Жәңгірұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Кердері, Жүсіпбек Шайхисламұлы діни медреселерде тәлім алып, көкірек көздерін қасиетті Құранмен суарды. Олар хақ дінді өз шығармаларында жырлау арқылы бұл сенімнің қазақ халқының арасына тарауына айтарлықтай дәрежеде өз септігін тигізді. Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлы: «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді

халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [2, 316 б.] -деп жазғанда осыны меңзеген еді. Осылайша, төл әдебиетіміздің тарихында діни шығармалардың арғы бастаулары бірнеше ғасырлар үлесінде жатыр десек, артық айтқандық емес. Құранның әдебиетке тигізген әсері, соның негізінде ислами әдебиеттің дүниеге келуі – өзіндік ішкі заңдылығы бар, тарихи үрдістен туған күрделі образдар мен сюжеттердің, тәлім-тәрбиелік хикаялардың қазақ даласында бірнеше ғасырлардан бері көшіп жүруі, көптеген әдеби мұраларда желі тартуы соны білдіреді.

Халқымыздың құнды мұралары қатарына жататын, XIX ғасырда өмір сүрген қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақовтың жыр-дастандары мен хикметтері де қазақ әдебиеті тарихына, қазақ халқының рухани, мәдени өмірінің дамуына айтарлықтай үлесі қосты.

Әуелі Әліп – Алланың есім заты,

Кітапта ғаян болар мың бір аты.

Жігіттер, құлақ салып алышы ғибрат,

Баян ғып пахыр Ақыт жазған хаты, [3, 15 б.] -деп, өлең-жырын Алла атымен бастайтын ақындардың ақтангері – Ақыт қажы әдеби туынды қазақ халқы үшін рухани қуат көзі екенін түсініп, ұлтқа, халыққа имандылықты, адамгершілікті Ислам діні арқылы уағыздаған. Оны халықты қайырымды, ізгі адам етіп тәрбиелеудің құралы ретінде негізге алған.

Туған халқына ізгілік жасау жолындағы ақын – «Халыққа жақсылық жасаудың, бақытты етудің бірден-бір жолы тек өнер-білім үйретіп, имандылық жолын нұсқау» деп таныған.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский 1868 жылы ҚХР Алтай аймағы, Көктоғай ауданы, Қайырты жайлауында Абақ-Керейдің Молқы руындағы Үлімжі деген кісінің отбасында дүниеге келген.

Ақыт қажы жастайынан зеректігімен көзге түскен. Ол төрт жасынан бастап Садық молладан, кейін Ғұсман имамнан сауат ашып, діни білім мен тәлім алады. Алғыр шәкірт алты жасында Бұхарадан жер аударылып келген Махбуболла деген үлкен дін ғұламасынан араб, парсы, шағатай тілдерін үйренген. Керей ишаны Мұхаммед Мумин хазіреттердің алдын көріп, тәрбие-өнегесін алады, көзі ашылып көкірегі оянады. Діни қиссалармен бірге ескілікті жыр-дастандармен танысып, ақындық таланты ұшталады. Сонымен қатар, зерек шәкірт Қазан, Стамбул шаһарларынан шыққан Фирдоуси, Низами, Қожа Хафиз, Шайхы, Сағди, Науаи, Софы Аллаярдың парсы, шағатай, оғыз тілдеріндегі шығармаларын, кітаптарын оқып үйренген.

Мәселенің талқылану мен танымдық мәні. Ол араб, парсы, ұйғыр, өзбек, монғол тілдерін білген, орыс тілінен де біраз хабардар болған. 1908 жылы 39 жасында Лайық қажыға ілесіп Меккеге барады. ...Меккеге барып келген қажы ақын «1910 жылдан бастап Алтай бетіне тұрақтап, Шәкуіртіндегі мекеніне мешіт-медресе салғызып, бала оқытады. Бұдан басқа да бірнеше мешіт-медресе салдырып, діни де іліми де, әдеби де қызметімен халықты ағартуға, ғылым-білімге, өнерге шақырып, тәлім-тәрбие таратуға көп еңбек сіңіреді» -деген деректі ақын Кәкей Жаңжұңұлы Ақыт қажы Үлімжіұлының «Қажыбаян» [4, 3 б.] жинағына жазған алғы сөзінде келтіреді.

Ақыт ел бірлігін дәріптеп, халықты азаттыққа, оянып жеке ел болуға шақырғаны және ұлт-азаттық қозғалысты қолдағаны үшін 1939 жылы тұтқынға алынады. Өз жырларында әшкереленген басқыншы Шен-Чи-Цай өкіметі мен олардың қолшоқпарлары, Алтай өлкесіндегі рухани қазынаның бірі болған Ақыт қажының әйгілі Ақмешітін қиратып, ондағы мыңға жуық кітапты өртеп, құртып жібереді. Сөйтіп аяулы азамат 1940 жылы Үрімжі қаласында Гоминдан жендеттерінің қолынан азаппен қаза табады.

Ақыт Үлімжіұлы қазақ сөз зергерлері тарихында алғашқылардың бірі болып 1901 жылы Қазанда «Қисса - и Жиһан шаһ - Тамуз Шаһ ұғылы» [3] дастанын тұңғыш рет бастырып, әдебиетте алып қадам жасаған ақын.

*Атыңнан айналайын әуел Алла,
Есен қыл түзу жолды барша жанға.
Хикаядан тысқары сөз сөйлетіп,
Тозаққа шерменде ғып бізді салма.*

*Құдая тура сөйлет тілімізді,
Өткізбе күнәменен күнімізді.
Әликирахым қылып фәзіліңмен,*

Сақлай көр жаман жолдан дінімізді [3, 35 б.] -дегеніндей, ақынның «Жиһаншаһ» назиралық хиссасы адамға Хақ жолынан таймауды уағыздап, дін тазалығын, имандылықты, адамгершілікті дәріптеуге арналған.

Алтай мен Қобда жерінде ақындығымен даңқы шыққан Ақыт 1908 жылы нижра ай санауының рамазан айында (9-ай) Қобда беттегі қазақтардың ішінен парасатты адамдарды қажылыққа бастап барып, келесі тауық жылы рабиғұл-ахыр айының соңында еліне оралған.

Бұл сапар ақынның өмірі мен философиялық көзқарасы, саяси санасы, шығармашылығы сапалық жоғары деңгейге өрлеуіне орасан игі ықпал жасады.

Ол қазіргі Монғолияның Баян-Өлгий аймағы Дэлүүн жерінен қасиетті сапарын бастап, Жайсаң, Семей, Омбы, Пенза, Одесса, Измир, Бейрут, Шам, Мекке, Медине, Иерусалим қалаларында болып, хал-ахуалын өз көзімен көріп өзі білетін қазақ халқының жайымен салыстыра қарайды. Осы қажылық сапарында жазған «Қажыбаян» [4] дастаны ақынның шоқтығы биік туындысы.

*Бисмилла сөз бастайын қалам алып,
Сансыз хамид, өзіңе жаббар халық.
Салауат расуліңе болсын Алла,
Сиынған бір өзіңе мен бір ғарып.*

*Аллаһи саған жылап қалам алдым,
Тәуекел бір ісімді саған салдым.
Жаранлар, атым – Ақыт молла тәйіп,*

Жасымда отыз тоғыз Мекке бардым [4, 11] -дей келе, ақын қажыға бара жатқан жол сапарды тізбелей: «Аттанып дүйсенбі күн Бисан бардық» [4, 14 б.], «Семейден тоғыз сөтке Омбы бардық» [4, 20 б.], «Онан ары біз өттік Уфа, Самар, Ортасында Еділ мен Жайық қалар» [4, 22 б.], «Онан ары пойызбен Харьков бардық, Қайта ауысып пойызға мініп алдық, Омбыдан шыққан бойы екі арасы, Тоғыз сөтке Әдеске (Одесса қаласы) барып қалдық» [4, 22 б.], «Он төртінші Шәуелде сәрсенбі күн, Барып кіріп біз тұрдық енді екі түн» [4, 23 б.], «Қара теңіз, Азов теңіз, Ақ теңіз бар, Ақ теңіздің ар жағы қазған канал» [4, 24 б.] деп баяндайды.

Қажылық сапар баяны бірінен кейін бірі өрбіп отыратын шытырманды оқиғалардың жиынтығы сияқты көрінгенмен, ақын жол сапар барысындағы бастан кешкен барлық оқиғаларды көркем сөзбен суреттеген:

*Шайқалып кеме кетті қатты толқып,
Қисайып, болып кетті олтық-солтық.
Адамзат қойдай шулап иман айтып,
Бишара тәмам жандар кетті қорқып* [4, 25 б.].

Сауд Арабиясының қажылық жолындағы қаласы Жиддада кеме қайырлап: «Қанша жан дүние салды қалың топтан, Тұрады қашар жер жоқ шара жоқтан» [4, 23 б.], «Ауру, аштық екеуі бірдей келді» [4, 23 б.], «Жиырма үш күн дегенде кеме жүрді, Өлгені өліп, кемеге тірі – мінді» [4, 24 б.].

Адам баласының басына ауыртпашылық түсіп, қиыншылыққа ұшырағанда шын ниетімен Алла-тағалаға жалбарынып медет тілеп, мінажат еткен ақынның «Мұнаджат хази әл-хажат» жыры қазақ поэзиясындағы Құдайдан тілек тілеп жалбарыну өлеңінің ең озық үлгісі деп атауға болады.

Аталмыш туынды «Бір Құдайдан басқаға, бас кессе де бас ұрма!» деген өр рухты жыр шумағын тудырған Ақыт ақынның Жаратушыға деген шынайы ықыласын, имандылыққа барынша берілген салауатты танымын айғақтай түседі. Әсілі, «...Жаратушы, адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, Жаратушының барына сеніп, оның ажырамас бөлшегі екенін адам өз жүрегі арқылы сезетіндігі» [5, 12 б.] ақиқат.

*Бисмиллаһи я Алла,
Алла саған жылайын.
...Мың бір атың құрметі,
Өзіңнен қуат сұрайын.
Жалғыздың жары бір құдай,*

Пәледен сақта, құдайым! [4, 31], - деп бұл дүниеде мен адам санасында мәңгі сәуленетін «жалғыздық» мәселесі жан-жақты қарастырылып, қазақ танымына сіңісті «Құдай – жалғыз!» қағидасын жалаң жаңғыртпай, астарында терең мән жатқандығын аңғартады.

*... Сапар жүрдім, я Алла,
Мұхаммед достың хақы үшін,
Мединенің ішінде,
Жатқан ұлық заты үшін.
Арманым бар өкініш,
Рұқсатсыз Ата үшін.
...Құрметіңе хабибің,*

Құлыңды Алла қор қылма! [4, 32 б.], - дегені адам баласы тек құлшылық етумен шектелмеуі қажет, оны (адам жаны мен болмысын) рухани жағынан дамыту қажеттігін сөз етеді:

*... «Тәуәкәлту-ғала Алла»,
Тапсырдым ісім Аллаға.
Сүйер достың хабибің,
Рәузасына бармаға.
...Я иллаһи жәрдем бер,
Я иллаһи қуат бер, [4, 32 б.],
...Я иллаһи мәдет бер,
Имамағзам құрметі. [4, 32 б.],
Сүйер достың Мұхаммед.
Мұстафаның құрметі.
Елден бұрын жаралған,
Дүниеге таралған,
Атамыз Адам құрметі... [4, 33 б.].*

«Әлемдегі күллі ат-атаулардың ең жақсысы – Алланың асыл есімдері. Мұсылман адам осы есімдерді айтқанда Алладан көретін жақсылық шарапат өте көп. Құранның ағырап сүресінің 179-шы аятында «Ең жақсы атаулар Аллаға тән, оған сол аттарымен жалбарыныңдар» делінген.

Көркем есімдердің кереметтері көп. «Олармен шын ықыласпен дұға қылғанның дұғасы қабыл болады әрі олардың адамның жаны мен тәніне тигізетін рухани һәм шипалық пайдалары мол» [6, 68 б.] делінген.

Ақын бұдан әрі «Ұжымақтан шығып зарланған, Ерін таппай сандалған, Хауананың құрметі», «Кенже болып туған ол, Ата жолын қуған ол, Шеш нәби Алла құрметі», «Хақты танып білген ол Еріштіріп рисалат Қаумымен кеме мінген ол, Нұқ нәби Алла құрметі»,

«Тірідей жанын берген ол, Хақ жолына ерген ол. Тамаша ғып тозақты, Әдейі барып көрген ол, Қызығын көріп ұжымақтың, Шықпаймын деп төнген ол, Ыдырыш нәби құрметі», «Тастан түйе шығарған, Сүтімен елді суарған, Салих нәби құрметі», «Ғаламға һад болған ол, Рисалатқа қонған ол, Һуд пайғамбар құрметі», «Жамандықты қылма деп, Залалға мойын бұрма деп, Халқына айтқан ақылды, Лұт пайғамбар құрметі», «Өмірімен Алланың, Байтолланы жасаған. Хақ жолына баласын, Құрбандыққа атаған, Жанын пида қылған Ысмайыл», «Өмір естіп атадан, Сол мүрсәлат құрметі. Хақ әмірін жүргізген, Рисалатын білгізген, Ысхақ-нәби құрметі», «Баласы үшін жылаған, Шынымен тілеп – сұраған. Баласы да зарланып, Тілегін алған құдайдан. [4, 34 б.], Тілегі мақұл қауышқан: Якуб, Юсуп құрметі», «Алламен сырласқан, Зарын айтып мұндасқан, «Тәурат» беріп қолына, Тәжіл нұрын хақ шашқан Мұса нәби құрметі», «Юнүс нәби, ол – Нарун, Олардың қылған мұң-зарын. Қабыл қылған құдайым, Сол мүрсәллар құрметі», «Дәуіт нәби пайғамбар, Патшалық мәнсап алғандар, Патша болып Сүлеймен, Ғаламға үкім жайғандар, Бір Аллаға жалынып, Бек жылаған һәм анлар, Сол мүрсәллар құрметі», «Жүніс, Жержис, Ілиясы – Алланың досы баршасы. [4, 34 б.], Жүністі жұтып бір балық, Шығарған аман патшасы. Жеті өліп Жержис тіріліп, Мехнат көрген қаншасы Сол мүрсәллар құрметі», «Дүние кезген Ескендір Алласының жәрдемі. Мың жасаған Ұлықпан Жазған соң өзін су дәмін, Сол нәбилер құрметі» [4, 34 б.] деп, пайғамбарларды атап кетеді.

*Ғаламды Алла бар етіп, Достың үшін жараттың,
Жер жүзіне жіберіп, Әр мекенге тараттың.
Тәуба қылып достыңа, Жүзімді Алла қараттым.
Мақсұтыма жеткізіп, Ақырын қылғыл қайырлы,
... Хабибыңа жеткізгіл, Зиярат сәлем еткізгіл.
Құрметі үшін солардың, Қатерлерден өткізгіл.*

Әнбия, әулие құрметі – Қайғыны Алла кеткізгіл! [4, 35 б.] -деп, мінәжат етеді.

Кімде-кім шын пейілімен Алла Тағалаға оның ұлы есімі арқылы дұға қылып, тілегін сұраса, иншалла, қабыл етеді. Аллаға шын ниетпен жалбарынса, адам баласының тілегі қабыл болады деген байламға келген ақын: «Жел соғып, дария толқып шықты кеме, Жасаған жәрдем берсе қиын деме» деп парасатты ой түйеді.

*Жөнелдік, кеме шығып түзу жүріп,
Онан соң тоқтамадық бір кідіріп. [4, 35 б.].
Дариядан есен-аман өте шығып,
Янбудың шаһарына тұрдық кіріп [4, 36 б.].*

Ақыт ақын қиссада сегіз айға созылған қажылық сапарда басынан кешкен хикаяларды аса көркем тілмен әсерлі де нақты шынайылықпен сипаттайды. Жырдың «Мединеге келіп салауат-сәлем бердім», «Мінәжат» бөлімдеріндегі оқиғалар аса ұлағатты терең ойға құрылған.

«Қажыбаян» жырында сол кездің өмір суреті мен қажыға барған ел ағалары туралы, қажылық сапар хикаялары мен мехнаттары жайлы жырлап, Мекке, Медине, Шам, Бейрут, Измир, Одесса, Пенза, Омбы, Семей, Жайсан секілді қалалар мен Сауд-Арабиясы, Сирия, Түркия, Ресей елдерінің хал-ахуал жай-күйінен де хабардар етеді.

Ғалым З.Сейітжанұлы бұл дастан жайлы: «...Ақыт дастанында көзі көріп, көңілге түйгендерінің бәрін баяндап отырады. Қисса-дастан стилімен жазылған шығармада қажылық сапары кезінде басынан өткен оқиғаларды жолжазба ретінде нақтылы суреттеген. Сондықтан шығарманың сапарнамалық сипаты басым. Ақынның нәзира дәстүрінде жазған дастандарынан бұл шығармасы оқшау тұрады. Өйткені, «Қажыбаян» сюжеті шындық негізде өрбиді. Қажылардың мақсаты – күнәдан арылып, мұсылмандық парыздарын өтеу. Шығыстық қисса-дастандарға тән қиял-ғажайыптық сарын жоқ. Туындыда дінге деген түзу ықылас-ниет жақсы көрініс тапқан және оны уағыз-насихат ете жазған». [7, 35 б.]

Бұл дастанның басты ерекшелігі – адам баласы басынан өткізген қиын сәттерді көркемдікпен көмкере отырып шындыққа айналдырып, сөз қуатымен сәулелендіріп сезімге, ойға, адамзаттың болмысына, ең әуелі Жаратушы Иенің құдіретті тылсымына таңдандырып, терең ойлардың тұңғығына жетелейді.

Ақыт қажы діни жырларды, насихаттық толғауларды таңғаларлық талантпен, соны стильмен, қызық та құпия оқиғалармен айшықтап, әрлеген, жұртына тәлім-тәрбиелік мәні терең ойларды мирас етіп қалдырған ақын.

Ақыттың асқан білімдарлығы, заманынан ойы озық көреген данасы болғандығы Алтай өңіріндегі парасатты адамдарды бастап қажыға баруынан да аңғарылады.

Көпшілікке шам-шырақ боларлықтай адамзаттың ардақты қасиеті мен текті мінез-құлқын бойына жинаған Ақыт қажы халқын «қарлығаштың қанатымен су сепкендей» білім нәрімен сусындатқан рухани ұстаз, Ислам құндылықтарын насихаттаушы діни ағартушы, ғұлама ойшыл.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Шығармалары. ХҮІ том. / М. Әуезов - Алматы: Жазушы, 1985. - 400 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. I том. / А. Байтұрсынұлы - Алматы: Алаш, 2003. - 408 б.
- 3 Қарымтегі Үлімжіұлы. Ақыт қажы-Алтайский: Жиһаншаһ. Жыр, толғау, қисса, дастандар. / Қарымтегі Үрімжіұлы - Өлгий, Баспагер, 1994. - 144 б.
- 4 Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақов. Қажыбаян. Хисса, дастан, назым. / Жинап, баспаға әзірлеген Кәкей Жаңжұңұлы - Өлгий, 1991. - 124 б.
- 5 Ақытұлы Ғ. Ақыт Үлімжіұлы / Ғ. Ақытұлы // Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар – Алматы: «Мұсылман баспа үйі», 2008. – 144 б.
- 6 Алланың көркем есімі. / Құрастырған М. Қадыров - Алматы, 2008. - 88 б.
- 7 Сейітжанұлы З. Ақыт ақын. / З. Сейітжанұлы – Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 400 б.

Еркегуль Арыкқаракызы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)

Аннотация. Акыт хажы является великим мыслителем-философом, жившим вне необъятных просторов великой казахской земли. Он был легендарным поэтом своего времени не только для Монгольских и Китайских казахов, но и для всех казахов мира, оставивший богатое неповторимое поэтическое наследие. И был редкой личностью, был не только выдающимся поэтом, но и вождем, великим деятелем, лидером национально-осводительного движения, поэтом-просветителем, написавшим много поучительных стихов о вере и морали.

Один из великих сынов нашего народа, который долгое время жил Китая, и оставил бессмертный наследие, знаменье не только для народа Китая и Монголии, но и для всего казахского народа, великого националиста, лидера яркой борьбы за свободу.

Ключевые слова: книжные произведения, поэты, поэзия, поэтические структуры, духовный мир, исламские ценности.

Erkegul Arykarakysy

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat»

(ideo feature)

Abstract. Akty Khazhy is a great philosopher-thinker who lived outside the vast expanses of the great Kazakh land. He was a legendary poet of his time, not only for the Mongolian and Chinese Kazakhs, but also for all the Kazakhs in the world, leaving a rich and unique poetic heritage. And he was a rare person, was not only an outstanding poet, but also a leader, a great leader, a leader of the national defense movement, a poet-educator who wrote many instructive poems about faith and morality.

One of the great sons of our people, who lived for a long time in China, and left an immortal legacy, to know not only for the people of China and Mongolia, but also for the entire Kazakh people, the great nationalist, the leader of the bright struggle for freedom.

Keywords: books, poets, poetry, poetic structures, spiritual world, Islamic values.

References

- 1 Äwezov M. Şığarmaları [Works], XVI tom [Volume XVI], (Writer, Almaty, 1985, 400 p.).
- 2 Baytursınılı A. Şığarmaları [Works], (Alash, Almaty, 2003, 408 p.).
- 3 Qarımtegi Ülimjiuli. Aqıt qajı-Altayskiy [Aktyt-Haji-Altaiç]: Jihanşah. Jır, tolğaw, qıssa, dastandar [Hell-fire. Singing, tears, tears, legends], (Publisher, Olgıy, 1994. 144 p.).
- 4 Aqıt qajı Ülimjiuli Qarımşaqov. Qajıbayan [Kazajyman], Xıssa, dastan, nazım [Hissâ, adan, nazâm], the author of the book Kakey Zhangozhin, (Ulgai, 1991. 124 p.).
- 5 Aqıtulı Ğ. Aqıt Ülimjiuli [Akut Ylimjiuly], Qazaq tarixındaǵı äygili adamdar [Famous people in the history of the Kazakh people], (Muslim publishing house, Almaty, 2008, 144 p.).
- 6 Allaniñ körkem esimi [God's beautiful name], Compiled by M. Kadyrov (Almaty, 2008, 88 p.).
- 7 Seyitjanulı Z. Aqıt aqın [Akyt is a poet], (Kazakh University, Almaty, 2002, 400 p.).

Автор туралы мәлімет:

Арыққарақызы Еркегүл - филология ғылымдарының кандидаты, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы «Деректану және қолжазба мұралар» бөлімінің бас ғылыми қызметкері, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Aikkarkarzyy Erkegul - Candidate of Philology, Chief Scientific Officer of the Department of «Literature and Manuscripts», Scientific Center «Otyrar Library», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.